

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«31» қаңтар 2017 жыл

### 2017 жылғы 1 қаңтардағы БЖЗҚ негізгі көрсеткіштеріне қысқаша шолу

Алматы, Қазақстан – 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,69 трлн. теңгені құрады.

2017 жылғы 1 қаңтарда шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,04 млн. бірлік, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен 9,58 млн. бірлік болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 420 мың бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мың бірлік болды. Зейнетақы жинақтарының негізгі үлесі міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардан тұрады. Бұл ретте зейнетақы жинақтарымен бірге ЖЗШ-ның жалпы саны бойынша бірінші орында Алматы (1 680 135 ЖЗШ), екінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы (956 737 ЖЗШ), үшінші орында Қарағанды облысы (823 897 ЖЗШ) тұр.

Зейнетақы активтері бойынша кірістілік 2016 жылғы 12 ай ішінде 7,95% болды. Зейнетақы активтері бойынша кірістіліктің қаржы нарығындағы ахуалға және ҚР Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін инвестициялайтын қаржы құралдарының құнына байланысты екенін айта кету керек. Инвестициялық қоржынның құрылымы туралы толық ақпарат пен инвестициялық қызметке шолу Қордың <http://www.enpf.kz/upload/medialibrary/dbb/dbbb912ab96bd9190aaa36a88d5f4df9.pdf> ресми сайтында жүйелі түрде орналастырылып тұрады.

2016 жылғы желтоқсан-қаңтар айларында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы – 169,69 млрд. теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымына аударымдар – 22,69 млрд. теңге болды. Салыстырып қарасақ, 2015 жылғы сома 141,12 млрд. теңге және тиісінше 24,23 млрд. теңге болды. Бүгінгі күні салымшы (алушы) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның 231 дербес қызмет көрсету орталығының бірінен, пошта байланысы арқылы, БЖЗҚ сайтынан немесе ұялы қосымша арқылы ала алады.

2,8 миллионға жуық адам зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі ретінде электрондық хабарлау тәсілін таңдады. Мәселен, 206 мыңға жуық адам үзінді көшірмені электрондық мекенжайға алады және 2,6 миллион адамның сайт арқылы немесе әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Бір жыл ішінде ұялы қосымшадан жүктеп алу саны 398 мыңға жуық көбейіп, 2017 жылғы 1 қаңтарда жүктеп алу саны 509,7 мың болды.

2015 жылдың ақпан айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық табыс ескерілген) жай-күйі туралы ақпарат беру» қызметі іске қосылған сәттен бастап 2017 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жағдай бойынша электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 352 мың үзінді көшірме берілген.

БЖЗҚ міндеттерінің бірі – қор салымшылары мен алушылары үшін сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және ақпараттық арналарды дамыту. Мәселен 2016 жылы түрлі байланыс арналары арқылы Қорға азаматтардан 169 159 өтініш келіп түсті, оның ішінде: 113 111 қоңырау Байланыс орталығы арқылы келіп түсті, 6 877 өтініш кері байланыс нысаны арқылы және 28 455 өтініш Қор сайтындағы онлайн чат арқылы, 1 277 өтініш әлеуметтік желілер арқылы келіп түсті, 10 765 және 8 674 өтініш «пікірлер мен ұсыныстар кітабында» қалдырылып, тиісінше қағаз жеткізгішпен келіп түсті.

**БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)